

« 14 » қаңтар 2026 ж.
№2373 хатқа қосымша



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ «ПОЭЗИЯ – ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ ҚУАТТЫ ҚҰРАЛЫ»

акын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдық мерейтой қарсаңында өтетін
республикалық әдістемелік семинарына жалпы орта білім беру
ұйымдарының педагогтерін қатысуға шақырамыз.

I. Жалпы ереже

1.1. «Поэзия – әлеуметтік-эмоциялық оқытудың қуатты құралы»
республикалық әдістемелік семинар (бұдан әрі – семинар) ережесі семинардың
мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындап,
семинарға ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау
өлшемдерін, үздік шыққан жұмыстарды анықтап, марапаттау тәртібін белгілейді.

1.2. Ұйымдастырушы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы»
МКҚК, «Мұқағали Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК.

1.3. Семинарға жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогтері қатыса алады.

1.4. Оту форматы: офлайн/онлайн

1.5. Өтетін уақыты: 09 ақпан 2026 ж., сағат 10.00-де

1.6. Оту тілі: қазақша

1.7. Өтетін орны: Астана қ., Сарайшық ауданы, «М. Мақатаев атындағы №74
мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК, Т. Жүргенов көшесі 29.

II. Семинардың мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты

Поэзия, көркем шығарма арқылы жас ұрпақтың әлеуметтік-эмоциялық
қабілеттерін, эмпатиясын және тұлғалық дамуын қолдауға арналған педагогикалық
тәжірибелерді талдау және тарату.

Міндеттері:

– Әлеуметтік-эмоциялық оқытудың (SEL) негізгі компоненттері мен
принциптерін поэзия арқылы жүзеге асыру жолдарын қарастыру.

– Ақын Мұқағали Мақатаев шығармаларының рухани және адамгершілік
құндылықтарын педагогикалық процеске енгізу мүмкіндіктерін талдау.

– Мұғалімдерге шығармашылық, эмоционалды және әлеуметтік дағдыларды
дамытуға бағытталған әдістемелік ұсынымдар беру.

– Семинар қатысушылары арасында поэзия арқылы SEL оқыту тәжірибесімен
алмасу және кәсіби ынтымақтастықты қалыптастыру.

III. Семинарды өткізу және ұйымдастыру:

3.1. Семинарды ұйымдастыру және өткізіп, қорытындысын шығару үшін
комиссия мүшелері құрылады.

3.2. Комиссия құрамы білім беруді басқару органдарының қызметкерлерінен,
ЖОО-ның ғалымдарынан, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберлік кәсіби
байқауларының жеңімпаздарынан, қалалық Педагогтер қауымдастығының
мүшелерінен, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен құрылады.

3.3. Комиссия құрамы семинар жұмыстарын бағалап, жинақтайды.

3.4. Семинарды өткізу туралы хабарландыруды ұйымдастырушылар үш апта бұрын орталықтың интернет-ресурстарында орналастырады. Шараның қорытындысы ретінде қатысушылардың материалдарын жинақтап, орталықтың интернет-ресурсына жарияланады.

3.5. Семинарға қатысу үшін қатысушы Сұранысты 1-қосымшаға сәйкес 5 ақпанға дейін 5-қосымшада көрсетілген поштаға жібереді.

IV. Семинар бағыттары:

I бағыт: «Көркем сөз арқылы білім сапасын арттыру және пәнаралық байланыс» TEDx бағыты

Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сай білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарын жүзеге асыруда поэзияны әмбебап педагогикалық құрал ретінде қолданудың тиімді моделін ұсынуға бағытталады. Қатысушы поэзияны түрлі пәндердің мазмұнын меңгертуде қолдануға болатын креативті оқыту тәсілі ретінде таныстырады. Қатысушы өз пәні бойынша поэзия арқылы оқыту әдісін нақты практикалық мысалмен көрсетіп, оның оқу нәтижесіне әсерін және оқушылар дағдыларындағы өзгерісті сипаттайтын зерттеу мақаласын жазады. Оны TEDx форматында 7-10 минут аралығында қорғайды. Қорғау барысында презентация және бейнематериал қолдану ұсынылады.

Бағалау критерийі:

- ✓ мақсаттың айқындылығы;
- ✓ ұсынылған идеяның білім беру саласында нақты тәжірибеге енгізудегі өзектілігі;
- ✓ ұлттық білім беру әдістері мен тәжірибелерін зерттеуі;
- ✓ оқу мақсаттарын жүзеге асыруда поэзия арқылы оқытудың тиімді жолдарын ұсынуы;
- ✓ TEDx форматы құрылымының (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) сақталуы;
- ✓ Спикердің өз сөзін уақытқа сай нақты әрі жүйелі түрде жеткізуі.

II бағыт: «Поэзияны оқытудағы ЖИ мүмкіндіктері» шеберлік сынып бағыты

Бұл шеберлік сынып поэзияны оқытуды жасанды интеллект (ЖИ) құралдарымен интеграциялау арқылы заманауи педагогикалық тәсілдермен ұштастыруға және пәнаралық байланысты тиімді қолдануға бағытталған. Қатысушылар ЖИ мүмкіндіктерін пайдаланып, оқушылардың шығармашылық ойлау дағдыларын, әдеби талғамын және мәтінді терең түсіну қабілетін дамыту жолдарын зерделейді. Педагог оқу мақсаты мен тақырыбына сай жаңа инновациялық педагогикалық әдістерді қолдана отырып, олардың тиімділігін көрсетеді. Шеберлік сыныпта әр педагогке 10 минут уақыт беріледі. Қорғау барысында презентация және бейнематериал қолдану ұсынылады. Әр қатысушы 3-қосымшаға сәйкес шеберлік сыныпқа дайындық талаптарын ескеруі керек. Қорғайтын жұмысын А4 форматындағы 5 парақтан аспайтын еркін түрде төменде берілген бағалау критерийлерін басшылыққа ала отырып, 5-қосымшада көрсетілген поштаға 5 ақпанға дейін жіберуі керек.

Жұмыс құрылымына қойылатын талаптар:

Жұмыс мәтіні 5 беттен кем емес, беттері нөмірленуі, тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылуы керек. Парақтың параметрлері: қағаз форматы – А4, жоғарғы жиегі – 2,5 см, төменгі – 2 см, сол жағы – 2,5 см, оң жағы – 1,5 см. жоларалық – 1 интервал. Қаріп – Times New Roman немесе KZ Times New Roman, қаріп өлшемі – 14. Қолданылған әдебиеттер (міндетті) мәтінде көрсетілу тәртібіне сәйкес мәтін соңында (2-қосымшаға сәйкес) жазылады.

Бағалау критерийі:

- ✓ мақсат пен міндеттері;
- ✓ мазмұнның өзектілігі және жаңашылдығы;
- ✓ шеберлік сыныбының ұйымдастырылуы;
- ✓ интерактивтілік және қатысушылардың белсенділігі;
- ✓ шеберлік сыныбының оқыту әдіс-тәсілдері;
- ✓ шеберлігі мен кәсібилігі;
- ✓ қатысушылардың кері байланысы мен бағалауы;
- ✓ шеберлік сыныбының нәтижелілігі.

III бағыт: «Поэзия арқылы оқыту: құндылық бағдар мен шығармашылық қабілетті дамытудың инновациялық тәсілі» педагогикалық идея (инновациялық педагогикалық тәжірибе, жоба тб) бағыты

Бұл бағытқа қатысушы поэтикалық терапияны қолдану арқылы пәнаралық байланыс орнату жағын қарастырып, поэзия элементтерін тәрбие үдерісінің негізгі құралы ретінде өз пәнінде сабақтастыра отырып, оқушылардың эмоцияларын тануына, өз ойын жеткізуіне, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған нақты тәжірибесін ұсынады.

Бұл бағытта қатысушы өз жұмысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын, ойлау, талдау, интерпретация дағдыларын жетілдіру және әлеуметтік-эмоциялық құндылықтарды бойына сіңіру жолдарын көрсетеді. Бағыт оқушылардың шығармашылық және әлеуметтік-эмоциялық дамуына бағытталған педагогтердің әдістемелік тәжірибесін көрсетуге арналған. Қатысушылар өз авторлық әдістемесін, бағдарламасын, жобасын немесе үйірме жоспарларын педагогикалық идея ретінде ұсынып, аталған дағдыларды қалыптастырудың нақты жолдарын көрсетеді. Авторлық, жобалық т.б. жұмысын А4 форматындағы 6 парақтан аспайтын 4-қосымшаны және төменде берілген бағалау критерийлерін басшылыққа ала отырып, 5-қосымшада көрсетілген поштаға 5 ақпанға дейін жіберуі керек. Әр қатысушыға жұмысын Storytelling (әңгімелеу) форматында қорғауға 5-7 минут уақыт беріледі. Қорғау барысында презентация және бейнематериал қолдану ұсынылады.

Бағалау критерийі:

- Авторлық әдістеме: Әдістеме немесе бағдарлама оқушылардың әлеуметтік-эмоциялық және шығармашылық дағдыларын дамытуға бағытталған.
- Пәнаралық байланыс: Әдебиет, музыка, өнер, психология сияқты пәндер арқылы поэзия элементтерін сабақтастыра пайдалану.
- Әлеуметтік-эмоциялық дағдылар: Оқушылардың өзін-өзі тануы, эмоцияларды басқаруы, эмпатия және ынтымақтастық қабілеттері дамуы.
- Ойлау және функционалдық дағдылар: Оқушылардың талдау, интерпретация және шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіру.
- Қорғау сапасы: Storytelling форматында 5-7 минуттық қорғау; презентация, бейнематериал немесе визуалды құралдарды қолдану.
- Тәжірибелік нәтижелер: Нақты мысалдар, оқушылар жұмыстары немесе бейнематериал арқылы тиімділікті көрсету.

IV. Конференция қорытындысы:

Қатысушылар республикалық семинарға қатысып, өз тәжірибесін таратқаны, тәжірибе алмасқаны жөнінде ӘО Сертификаттармен марапатталады. Ұсынылған жұмыстарға түсініктеме берілмейді, жұмыс қайтарылмайды. Қатысушылардың жұмыстарының жинағы шара өткеннен кейін 15 күннің ішінде ӘО <https://astana-modern.edu.kz/> интернет ресурсында жарияланады.

Ескертпе: республикалық семинар ақылы өтеді, үш бағыт бойынша материалдарын (Сұранысын, жазба жұмысын, ақы төленген төлем түбіртегін, жұмысын қорғайтын презентациясын) 5 ақпанға дейін 5-қосымшадағы поштаға жіберуі керек.

Қосымша ақпарат алу үшін +77003969097, +77477921124, +77787343265, +77751178221 телефон арқылы хабарласа алады.

ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚТЫҢ ТӨЛЕМ ТӨЛЕУ РЕКВИЗИТІ:



Мекеменің атауы: Астана қаласы
әкімдігінің «Әдістемелік орталық»
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
ЖСН/БСН: 070540006188
ЖСК: KZ42722S000006089425
БСК: CASPKZKA
Мекенжайы: Қазақстан Республикасы,
Астана қ., Есіл ауданы, көш.
Қабанбай батыр 33
КБЕ: 16
Төлем 6000 тг

1-қосымша

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы С. Дауешоваға
000000000000 білім беру ұйымы
00000000000000000000 басшысы
000000000000000000000000000000 дан

Сұраныс

2025 жылдың 9 ақпан күні өтетін «Поэзия – әлеуметтік-эмоциялық оқытудың қуатты құралы» республикалық семинарға кестеде берілген педагогті қатыстыруыңызды сұраймын.

Мекеме атауы	Педагогтің аты-жөні	Конференция бағыты	Пәні	Эл.поштасы	телефоны (ватцап)

00000000 басшысы

0.0000000000000000

Мақала жазу құрылымы

МАҚАЛАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

Арманов Арман Арманұлы
Астана қаласы №000 орта мектебінің
тарих пәні мұғалімі

Аңдатпа

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Түйінді сөздері:

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Кіріспе

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін [1, 236 б].

Әдебиеттерге шолу

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін [2].

Зерттеу әдіснамасы

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Нәтижелер

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Талқылау

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Қорытынды

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: (ЖМББС) бойынша)

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мектеп, 1999. - 236 б.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. /Құраст.: Б. Сүйерқұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. - 27 шілде 2007 ж. - № 319. – 1-2 б.

Зерттеу мақаласына қойылатын талаптар:

Баяндама мәтіні 2-қосымшаға сәйкес 5 беттен кем емес, 6 беттен артық емес болуы, тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылуы керек. Парақтың параметрлері: қағаз форматы – А4, жоғарғы жиегі – 2,5 см, төменгі – 2 см, сол жағы – 2,5 см, оң жағы – 1,5 см. жоларалық – 1 интервал. Қаріп – Times New Roman немесе KZ Times New Roman, қаріп өлшемі – 14. Қолданылған әдебиеттер (міндетті) мәтінде көрсетілу тәртібіне сәйкес мақаланың соңында жазылады. Регламент – 5-7 минут.

Шеберлік сыныпқа дайындық талаптары:

- ✓ шеберлік сыныбының мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- ✓ ұйымдастырушылық дағдылар: уақытты тиімді пайдалану, шеберлік сыныбының құрылымын сақтау;
- ✓ сөйлеу және дауыс ырғағы: дикция және интонация, сөйлеу техникасы
- ✓ қатысушыларды тарту және мотивация: қатысушылардың қызығушылығын ояту, қатысушылардың белсенділігін сақтау
- ✓ кәсіби шеберлік және өзіндік даму: шеберлік сыныбын жүргізудің кәсіби деңгейі, тәжірибе алмасуды көздеу
- ✓ эмоционалды интеллект, психологиялық климатты қалыптастыру
- ✓ кіріспесінде шеберлік сыныпты қызықты әрі әсерлі бастаңыз, қатысушылардың көңілін аударатын тақырыпқа сай сұрақтар қойып, оларды белсенді етіңіз;
- ✓ тақырыпты түсіндіру: теориялық бөлімде жаңа ақпаратты нақты әрі түсінікті түрде жеткізу. мұғалімдердің әрқайсысына бұл әдіс-тәсілдерді сабақта қалай қолдануға болатынын түсіндіру;
- ✓ интерактивті әдістерді қолдану: қатысушылардың белсенділігін арттыру үшін топтық жұмыс, рөлдік ойындар, пікірталастар немесе симуляциялар ұйымдастыру;
- ✓ практикалық тәжірибе: мұғалімдерге жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануға мүмкіндік беру. олардың сабақтарын модельдеу немесе белгілі бір жағдайларды шешу үшін практикалық тапсырмалар орындау;
- ✓ талдау мен кері байланыс: әр тапсырмадан кейін қатысушылардың жұмысын талқылап, кері байланыс беру.

Авторлық жоба мазмұнына қойылатын талаптар:

- ✓ Мақсаты мен міндеттері: нақты, өлшемді және бағыт тақырыбына сәйкес болуы;
- ✓ Жұмыс мазмұны: нақты мәселені шешуге бағытталуы;
- ✓ Ғылыми негіз: жобада ғылыми-теориялық тұжырымдамаларға сүйену;
- ✓ Шығармашылық қабілеттерді дамыту: қолданылатын әдістердің дәлелді түрде көрсетілуі;
- ✓ Авторлық жобаның құрылымы: төмендегі бөлімдердің болуы міндетті:
 - Кіріспе (өзектілік, мақсат, міндет);
 - Теориялық бөлім;
 - Практикалық бөлім;
 - Үйірме/бағдарлама мазмұны (тақырыптық жоспар, сабақ құрылымы);
 - Күтілетін нәтижелер;
 - Қорытынды;
 - Пайдаланылған әдебиеттер.
- ✓ Авторлық жаңалық: автордың өзіндік идеясы, жаңа әдістері, ерекше тәсілдері, шығармашылық жұмысты жетілдіру жолдары көрсетілуі;
- ✓ Оқушы дағдылары: бағдарлама нәтижесінде оқушы қандай дағдыларды меңгеретіні нақты көрсетілуі;
- ✓ Бағалау: бағалау критерийлері мен жетістік индикаторлары берілуі.

**«Поэзия – әлеуметтік-эмоциялық оқытудың қуатты құралы»
республикалық әдістемелік семинар**

I бағыт: «Көркем сөз арқылы білім сапасын арттыру және пән аралық байланыс»	gulim.kaldybaeva00@mail.ru	Қалдыбаева Гүлім Нұрымқызы	8747 792 11 24
II бағыт: «Поэзияны оқытудағы ЖИ мүмкіндіктері»	aadilbaikyzy@mail.ru	Қаңғылбай Ақерке Әділбайқызы	8700 396 90 97
III бағыт: «Поэзия арқылы оқыту: құндылық бағдар мен шығармашылық қабілетті дамытудың инновациялық тәсілі»	kiyasova1978@mail.ru	Қиясова Гулмереке Кеңшілікқызы	8778 734 32 65